

**"Магистральдық темір жол желісінің қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 30 желтоқсандағы № 384-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 маусымдағы № 472 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 10 қыркүйекте № 12050 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 42 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 22.05.2020 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңының 14-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Магистральдық темір жол желісінің қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2005 жылғы 30 желтоқсандағы № 384-НҚ бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4060 нөмірмен тіркелді, 2006 жылғы 22 қыркүйектегі № 170 (1150) "Заң газеті" газетінде жарияланды) келесі өзгерістер енгізілсін:

2-тармақ алып тасталсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Магистральдық темір жол желісінің қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесінде (бұдан әрі – Ереже):

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Магистральдық темір жол желісінің қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен қолданысқа енгізілген активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесі (бұдан әрі – Ереже) "Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы" Қазақстан Республикасы

Заңына (бұдан әрі – Заң), Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2013 жылғы 25 сәуірдегі № 130-НҚ бұйрығымен бекітілген, 2013 жылы 24 мамырда Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8480 тіркелген Табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алымдар мөлшерлемелерін) бекіту кезінде қолданылатын шығындарды қалыптастырудың ерекше тәртібіне (бұдан әрі – Ерекше тәртіп), Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және магистральдық темір жол желісінің қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілеріне (бұдан әрі – Субъект) таратылады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Ережеде қолданылатын негізгі ұғымдар:

абсорбированный производственный расход – қызметтің бір түрінің қызмет көрсетулерін ұсынуға қажетті бірінші деңгейдегі жауапкершілік орталықтарының жалпы өндірістік шығындарының жиынтығы;

қызмет түрі – пайда алу мақсатында кешенді қызмет көрсетуге, жұмыстар орындауға және тауарлар өндіруге байланысты операциялық қызмет;

қосылған шығыстар – аймақтық, желілік және корпоративтік деңгейлердегі жауапкершілік орталықтарының және орталықтандырылған жабдықтаудың бірінші деңгейдегі жауапкершілік орталықтарының жалпы және әкімшілік шығыстарын, сондай-ақ орталықтандырылған жабдықтаудың бірінші деңгейдегі жауапкершілік орталықтарының өндірістік шығындарын қамтитын шығыстар;

жанама операциялар – қызмет түрлерінің көрсетілетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) өзіндік құнына енгізілетін бірнеше негізгі операцияларды жүзеге асыру үшін орындалатын операциялар;

операциялық қызмет – табыс алу бойынша Субъектінің негізгі қызметі және инвестициялық пен қаржылықтан айырмашылығы бар қызмет;

бөлектеп есепке алу – қызметтің реттеліп көрсетілетін түрлерінің өзіндік құнын, қызметтерге арналған тарифтік смета мен тарифтер есептеуді талдау мақсатында Субъектінің қызметі, қызмет көрсетулері, операциялары бойынша бөлектеп шығындар, табыстар, қолданысқа енгізілген активтер және өндірістік көрсеткіштер туралы ақпаратты жинау және қорытындылау жүйесі;

қызметтің реттеліп көрсетілетін түрі – Заңда айқындалған табиғи монополиялардың саласы;

жауапкершілік орталығы – Субъектінің дербес құрылымдық бөлімшесі. Жауапкершілік орталықтары Субъектінің салалық және географиялық сегменттері мен ұйымдастыру деңгейлері бойынша топтастырылады;

бірінші деңгейдегі жауапкершілік орталығы – тұтынушыларға өнімді өндірумен, жұмысты орындаумен және қызметтер көрсетумен тікелей айналысатын жауапкершілік орталығы;

аймақтық деңгейдегі жауапкершілік орталығы – бірінші деңгейдегі жауапкершілік орталықтарының тобын басқаратын жауапкершілік орталығы;

желілік деңгейдегі жауапкершілік орталығы – аймақтық және бірінші деңгейлердегі жауапкершілік орталықтарын басқаратын жауапкершілік орталығы;

корпоративтік деңгейдегі жауапкершілік орталығы – желілік деңгейдегі жауапкершілік орталықтарын басқаратын жауапкершілік орталығы;

уәкілетті орган – табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы."

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Осы Ережеде белгіленген нысандар бойынша есептілікті Субъекті бір күнтізбелік жылға тең кезеңге жасайды және осы Ереженің 46-тармағының 7) – 15) тармақшаларында және 47-тармақта көзделген, уәкілетті органның сұрауымен ұсынылатын есептілік нысандарды қоспағанда жылсайын есеп жылынан кейін 1 мамырдан кешіктірмей уәкілетті органға ұсынады.";

51 және 52-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Қағаз жеткізгіші түріндегі есептілікке басшы немесе бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін басшының орынбасары, бас бухгалтер қол қояды және ол мөрмен расталады.

52. Субъекті қағаз жеткізгіші түріндегі есептілікті тігілген түрде, беттерін нөмірлеп ұсынады және соңғы бетіне басшы немесе бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік мәселелеріне жетекшілік ететін басшының орынбасары, бас бухгалтердің қолдары болуға тиіс және Субъектінің мөрімен расталады."

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін оның көшірмесін күнтізбелік он күннің ішінде мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық құқықтық жүйеге ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика жетекші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрінің

міндетін атқарушы

М. Құсайынов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрі

\_\_\_\_\_ Ә. Исекешев

2015 жылғы 11 тамыз